

ЖШС «Дин-Асыл1» бөбекжай-балабақшасы
Өндірістік кеңестің кезекті отырысы

№1 Хаттама

Төрайымы: А. Үсен
Хатшы – М. Байсеитова

Өткізілген уақыты: 10 қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: 49
Қатыспағандар: 3

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Лауазымдық нұсқаулық туралы нұсқама жүргізу, бекіту. Ішкі еңбек тәртібі ережелерін бекіту.
2. Күз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстыру, бекіту.
3. Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарды жүргізуге жауаптыларды тағайындау.
4. Қысқы жылу маусымына дайындық туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, меңгеруші А. Үсен балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібі ережесі мен атқаратын міндеттеріне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтарын оқып таныстырды және оны бекітуді талқылады. -Осы ішкі еңбек тәртібі ережесі мен лауазымдық нұсқаулық ҚР еңбек кодексіне, ҚР білім туралы заңына, балабақшаның қабылдаған ұжымдық шартына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалынды. Ереженің мақсаты: еңбек тәртібін нығайтуға, еңбекті тиімді ұйымдастыруға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, еңбектің жоғары сапасына қол жеткізу үшін жағдай жасауға, еңбекті қорғау мен қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға септігін тигізу болып табылады.

Жарыссөзде балабақша ұжымы ішкі еңбек тәртібі ережесі мен лауазымдық нұсқаулықты талқылап, еңбек кодексі мен ұжымдық шартқа сәйкес келетінін айта келе бірауыздан бекітуді қолдап қуаттады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, әдіскер М. Байсеитова балабақша ұжымын «Күз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау» туралы мерзімдік нұсқаулықтың жобасымен таныстырды және оны бекітуді ұсынды.

-Балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын сақтау үшін нұсқаулық әзірленді. Бұл нұсқаулықты балабақшадағы әрбір қызметкер қатаң сақтауы қажет. Баланың балабақшадағы таңертеңнен кешке дейінгі өміріне біз балабақша қызметкерлері тікелей жауаптымыз.

Жарыссөзде балабақша ұжымы нұсқаулықтың жобасын талқылай келе, баланың денсаулығы мен өмірін сақтау өте маңызды екенін түсініп, бірауыздан бекітуді қолдап қуаттады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, меңгеруші А. Үсен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтарын қызметкерлерге әр тоқсан сайын таныс- тырып отыратын жауапты адамдарды тағайындау туралы талқылады.

Нұсқаулықтарды жүргізуге төмендегідей жауаптыларды тағайындады:

Әдіскер: М. Байсеитова-педагог жұмыскерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі мерзімдік нұсқаманы жүргізу.

Шаруашылық меңгерушісі: кіші техникалық жұмыскерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі мерзімдік нұсқаманы жүргізу

Медбике: Г. Бекбосын-санитарлық гигиенаны сақтау жөніндегі нұсқаманы жүргізу.

Жарыссөзде әдіскер: Байсеитова М, шаруашылық меңгерушісі Сапарбаева Х, медбике Г. Бекбосын техника қауіпсіздігі жөніндегі аталған нұсқаулықтарды жүргізуге өз келісімдерін берді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша, қысқы жылу маусымына дайындық туралы шаруашылық меңгерушісі Сапарбаева Х сөз сөйледі.

- 2024-2025 оқу жылына қысқы жылуға (табиғи сұйық отынға) қаржы толықтай бөлінген. Қысқы жылуға дайындық барысында қазандықтардың жұмыс істеуін, жылу құбырларының бүтіндігін, жылу насостарының жұмысын тексеріп, бақылады. Бақылау барысында ешқандай ақаулар болмады. Алайда жылу қазандықтары балабақша ғимаратына жапсарлас болғандықтан, балалардың қауіпсіздігі үшін қазандықты ғимараттан ең кемі 20-30 метр қашықтыққа шығару қажет.

Сөз сөйлеген-балабақша меңгерушісі:, А. Үсен ғимаратқа жапсарлас тұрған жылу қазандықтарын 20-30 метр қашықтыққа шығаруға ықпал етуге аудандық білім бөліміне бірнеше рет сұраныс берілгенін, қазіргі уақытта смета түзіліп қаралып жатқандығын айтып жеткізді.

ШЕШІМІ:

1. Лауазымдық нұсқаулық, ішкі еңбек тәртібі ережелері бекітілсін.
2. Күз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау туралы мерзімдік нұсқаулық бекітілсін.
3. Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарды жүргізу төмендегі қызметкерлерге жүктелсін:

Әдіскер: Байсеитова М.-педагог жұмыскерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі мерзімдік нұсқаманы жүргізу

Шаруашылық меңгерушісі: Х. Сапарбаева -кіші техникалық жұмыскерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі мерзімдік нұсқаманы жүргізу

Медбике: Г. Бекбосын-санитарлық гигиенаны сақтау жөніндегі нұсқаманы жүргізу.

4. Қысқы жылуға дайындық барысы әрі қарай жалғастырылсын. Жылу қазандықтарын ғимарат сыртынан қашықтыққа шығару бойынша, аудандық білім бөліміне жіберілген сұраныстардың орындалуы қадағалансын.

Кеңес төрайымы :

А. Үсен

Хатшы:

М. Байсеитова



ЖШС «Дин-Асыл1» бөбекжай-балабақшасы
Өндірістік кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 22 қаңтар 2025 жыл

Төрайымы: А. Үсен

Хатшы – М. Байсеитова

Қатысқандар: 50

Қатыспағандар: 2

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жұмыскерлердің кезекті ақылы еңбек демалысына шығу тізімін бекіту туралы
2. Балабақшаның санитарлық-гигиеналық жағдайлары туралы.
3. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесі туралы нұсқаулықтар:
 - Өрт қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығы жүргізу.
 - Қыс мезгіліндегі балалардың өмірімен денсаулығын қорғау нұсқаулығын жүргізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, меңгеруші А. Үсен 2025 жылға жұмыскерлердің кезекті ақылы еңбек демалысына шығу тізімінің жобасын таныстырды және оны бекіту туралы талқылады.

Сөз сөйлеген-кәсіподақ комитетінің төрайымы М. Байсеитова

-Еңбек демалысына шығу тізімі, кәсіподақ комитетімен келісе отырып, бірге түзілді. Кестені түзу кезінде балалардың психологиясына әсер етпеуі үшін, бір топтағы екі тәрбиешінің бір айда демалысқа шықпауы, жұмыскерлердің денсаулық, еңбек жағдайы ескерілді.

Еңбек демалысына шығу тізімінің бекітілуі дауысқа салып, жұмыскерлер бірауыздан қолдап-қуаттады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, медбике Г. Бекбосын балабақшаның санитарлық-гигиеналық жағдайлары туралы шұғыл бақылаудың нәтижесі туралы баяндады.

-Барлық топтарда тәрбиешінің көмекшілері жұма күні жалпы ауқымды тазалау, басқа күндері күнделікті тазалау жұмыстарын жүргізуде. Балалар топтары, жатын бөлме, асхана басқа да бөлмелер едені күнделікті хлор ерітінді қосылған сумен жуылады. Есік тұтқалары жиі-жиі залалсыздандырылады. Кіші топтардың дәрет түбектері арнайы дайындалған хлор ертіндісі бар сумен жуылып, бірнеше рет шайылады. Ас үстелі, ыдыстар, есік-терезелер барлығы таза. Балалардың үсті-басы таза, қолдарын

ұқыпты сабын сумен жуып отырады.

Қазір қыс мезгілі болғандықтан балалардың киім ілгіш шкафтары сыртқы киімдермен толған. Ата-аналарына артық кимейтін киімдерін әкетуін ескерту қажет.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, меңгеруші А. Үсен еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесін сақтау туралы талқылады.

Сөз сөйлеген- шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева, өрт қауіпсіздігінің алдын алу және оны болдырмау жолдарын түсіндірді. Электр құралдарымен және тез тұтанғыш заттармен жұмыс жасағанда әркез сақ, мұқият болуға шақырды. Өрт бола қалған жағдайда, ең алғашқы іс-әрекеттер мен шаралар туралы баяндады. Өрт кезіндегі ең алғашқы іс-әрекет міндетті түрде балаларды қауіпсіз жерге көшіру қажет. Баланың өмірімен денсаулығы бәріміз үшін маңызды-деп ескертті.

Сөз сөйлеген- әдіскер М. Байсеитова жұмыскерлерді «Қыс мезгіліндегі балалардың өмірімен денсаулығын қорғау» нұсқаулығымен таныстырды. Балалардың қауіпсіздігі үшін осы ережелерді қатал түрде сақтау қажеттігін ескертті. Ғимарат жұмысшысы, тәрбиешінің көмекшілері, шаруашылық меңгерушісі күнделікті балабақшадағы барлық ойын жабдықтарының беріктігін, қауіпсіз екендігін тексеріп шығу қажет. Ғимарат шатырында мұз сүңгілерінің қалып қоймауын қадағалау керек.

Егер қандай да бір ақау болған жағдайда дер кезінде балабақша әкімшілігіне шұғыл хабарлау қажет.

Сөз сөйлеген- тәрбиеші Г. Айтмерзаева

-Қыс мезгіліндегі балалардың өмірімен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстық. Серуенге шығар алдында міндетті түрде ойын алаңдарының, орындықтың, баспалдақтың, жолдардың қардан, мұздан, тазаланғанын тексеріп алуымыз қажет.

ШЕШІМІ:

1. Жұмыскерлердің кезекті ақылы еңбек демалысына шығу тізімі бекітілсін.
2. Балабақшаның санитарлық-гигиеналық жағдайлары қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесі; «Өрт қауіпсіздігін сақтау», «Қыс мезгіліндегі балалардың өмірімен денсаулығын қорғау» нұсқаулықтарының ережесі қатаң сақталынсын.

Кеңес төрайымы :

Хатшы:



А. Үсен

М. Байсеитова

ЖШС «Дин-Асыл1» бөбекжай-балабақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 02 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: 55

Қатыспағандар: 0

Төрайымы: А. Үсен
Хатшы – М. Байсеитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың жазғы ойын алаңын дайындау. Балабақша ауласын абаттандыру туралы.

Жауапты: меңгеруші А. Үсен
Шар/қ меңгерушісі. Х. Сапарбаева

2. Бала жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету туралы нұсқама жүргізу.

Жауапты: медбике Г. Бекбосын

3. Жаз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстыру.

Жауапты: әдіскер М. Байсеитова
шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева

4. Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру.

Жауапты: дәмбике Г. Бекбосын

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе, жазғы ойын алаңын дайындау. Балабақша ауласын абаттандыру туралы меңгеруші А. Үсен сөйледі. Жаз мезгілі де келіп жетті. Балалар балабақшада күннің көп уақытын далада, таза ауада өткізеді. Балалар үшін жазғы ойын алаңын дайындауымыз және балабақша айналасын абаттандыруымыз қажет. Көп жылдық гүлдердің түбін қайта қопсытып, гүлзарларға жаңа гүл көшеттерін қондыру қажет. Шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева сөз сөйлеп өз ұсынысын білдірді.

-Балабақша ұжымы жаппай сенбілік ұйымдастырып, іс-шараға ата-аналарды да тарту қажет.

Бұл ұсынысты жиналысқа қатысушылар бірауыздан қолдап қуаттады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша медбике Г. Бекбосын сөз сөйлеп, балабақша ұжымын «Бала жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету» туралы нұсқама жүргізді

Балабақша меңгерушісі А. Үсен сөз сөйлеп, бала жарақаттанған жағдайда ең алғашқы көмек көрсетуді тек медбике ғана емес барлық балабақша қызметкерлері

білуі қажет деп ескертті.

Үшінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева ұжымды жаз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырды.

Әдіскер М. Байсеитова балаларды жаздың ыстық күнінде күн өтуден сақтау, серуен кезінде улы өсімдіктер мен жәндіктерден сақтау және қимылды ойындар кезінде жарақат алудың алдын алу, балаланы ересектердің қарауынсыз қалдырмау туралы түсіндірді. Бала өмірімен денсаулығын сақтау баршамыздың міндетіміз деп қорытындылады.

Төртінші мәселе бойынша Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру талқыланды. Дәмбике Г. Бекбосын балалардың денсаулығының нығайту үшін жаз мезгілінде ас мәзірін балғын жеміс жидектермен, көкөністермен толықтыру қажет екенін айта келе жаз мезгіліне арналған он күндік ас мәзірін таныстырды.

Балабақша меңгерушісі А. Үсен сөз сөйлеп он күндік ас мәзіріне сай балғын жемістер мен көкөністермен қамтамасыз етуді шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева, тамақтар сапасын арттыруды дәмбике Г.Бекбосын жүктеді.

ШЕШІМІ:

1. Балалардың жазғы ойын алаңын дайындау, балабақша ауласын абаттандыру үшін сенбілік ұйымдастырылсын. Сенбілікті ұйымдастыру Шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева жүктелсін.
2. Бала жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету туралы нұсқама назарға алынсын.
3. Жаз мезгіліндегі балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулық назарға алынсын.
4. Он күндік ас мәзіріне сай балғын жемістер мен көкөністермен қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісі Х. Сапарбаева тамақтар сапасын арттыру дәмбике Г. Бекбосын жүктелсін.

Кеңес төрайымы :

Хатшы:



А. Үсен

М. Байсеитова

